



EL BEREKESI – BIRLIKTE!

DOSTYQ



Зайсан ауданының қоғамдық-саяси газеті. Газет 1930 жылғы 1 қазаннан шығады

№31 (11388) Жұма 1 тамыз 2025 жыл

☀ **Әкімдік отырыс**

Маңызды мәселелер қаралды

Осы аптада аудан әкімдігінің мәжіліс залында Зайсан ауданы әкімдігінің отырысы өтті. Отырысты аудан әкімінің орынбасары Серіков Данияр Серікұлы ашып жүргізді. Аудан әкімдігінің аппарат басшысы Қаламов Әділ Мұратбекұлы қатысты.



Күн тәртібіне қойылған мәселелер бойынша ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ғалима Қожекенова баяндама жасаса, ауданның тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы Әлішер Қадылбеков және агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аудандық аумақтық инспекциясының басшысы Екібасов Бауыржан Рантайұлы өз саласында атқарылған жұмыстар жөнінде ақпарат ұсынды.

Сонымен қатар Қаратал ауылдық округінің әкімі Сайранов Мереке округте 2024 жылы атқарылған және 2025 жылдың алғашқы алты айлығында жүргізілген жұмыстар барысын саралады.

Зайсан ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2025 жылдың I жарты жылдығының қорытындылары мен II жарты жылдығына қойылатын міндеттер мен бюджет қаражатын игеруі туралы баяндаған Ғалима Кенжебайқызы ауданда ағымдағы жылдың алғашқы жартысында, 2024 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда әлеуметтік көрсеткіш айтарлықтай өскендігін атап өтті.

Тарқатып айтар болсақ, ауылшаруашылығының жалпы өнімінің көлемі – 8 млрд. 589 млн. 200 мың теңге болып, өткен жылмен салыстырғанда 1 млрд. 581 млн. 900 мың теңгеге немесе 22,5 пайызға өскен. Ауданда ірі-қара саны 6,2 пайызға өсіп, 85761 басқа, жылқы саны – 52516 басқа жетіп, 7,1 пайызға артса, құс саны 2,4 пайызға өсіп, 16827 басқа жеткен. Ал керісінше, қой-ешкі санында төмендеу көрсеткіші байқалған. Ұсақ мал саны 6,8 пайызға төмендеп, 108 мың 289 басты құраған. Ауданға жыл басынан бері 9 млрд. 719 млн. 100 мың теңгенің инвестициясы тартылған. Осу қарқыны 118,4 пайызды көрсеткен. Сала басшысы баяндама барысында аудандағы барлық салада атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

2025-2026 жылдардағы жылу беру маусымына дайындық барысы туралы ақпарат ұсыншы Ә.Қадылбеков осы уақытқа дейін қаладағы көп қабатты үйлердің жылу қазандықтарының жағдайын бақылау үшін арнайы рейд жүргізілгендігін, сондай-ақ, аудандағы қатты отынмен жылынатын мекемелерге көмір жеткізу жөнінде конкурстық рәсімдер жасалғандығы туралы айтып өтті.

Күн тәртібінде қаралған үшінші мәселе ауданда үйірлі және саяқ шегірткелерге қарсы атқарылған жұмыстар барысы туралы болды. Аудандық аумақтық инспекциясының басшысы Б.Екібасов биылғы жылы шегіртке тектес зиянкестерге қарсы жұмыстардың тиісінше атқарылып, дер кезінде көзі жойылғандығын тілге тиек етті.

Ол үшін химиялық өңдеу жұмыстары әуеден шашу және жер үсті бүрку техникалары арқылы жүргізіліп, оған инспекция мамандарымен бірге барлық ауылдық округ әкімдері жұмыла атсалысқандығын атады. Осы ретте Бауыржан Рантайұлы аудан әкімі Аэлима Ахметсәлімқызының ықпалымен қосымша облыс орталығынан химиялық заттар мен бүрку техникалары арнайы алдырылғанын да жеткізді. Сала басшысы үйірлі және саяқ шегірткенің ерте бастан оянып, көптеп көбеюіне байланысты, онымен күресудің ауыр болғанын жасырмады.

Отырыс барысында аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Уәли Марат Қалиасқарұлы ақпарат берушілерге тиісті сауалдар жолдап, өзінің ауданның әр саласында жемісті де нәтижелі еңбек еткенін көрсетті.

Келесі кезекте Қаратал ауылдық округінің әкімі Мереке Қабиолдаұлы отырысқа қатысушыларды округте атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпараттандырып, округтің тыныс-тіршілігімен толықтай таныстырды.

Осы ретте әкімдік отырысқа қатысушыларға қала әкімі Ринат Тауасаров бөлім, сала басшыларына қала тазалығына біркісідей атсалысуды өтінсе, аудандық төтенше жағдайлар бөлімі басшысы Бауыржан Оразғалиев суға шомылу және өрт шығу қауіпінің алдын алу керектігін ескертті.

Н.ХАЛЫҚОВА.

☀ **Аудан тынысы**

Жаңадан гүл дүкені ашылды



Зайсан қаласында тағы бір гүл дүкені іске кірісті. Жеке кәсіпкерлер, ерлі-зайыпты Байбұсынов Қайрат Жанахметұлы мен Сансызбаева Анар Жұмабекқызы осыдан он жыл бұрын аудан орталығында алғашқы болып гүл сату ісін қолға алған. Осы мақсатта арнайы дүкен ашып, халыққа үздіксіз қызмет көрсетуде.

Кез келген той-томалақтың, салтанатты мерекелік кештердің басты сыйлығы – көздің жауын алатын алуан түрлі гүл шоқтары екені сөзсіз. Халықтың талап – тілектерін дер кезінде орындап, сұраныстарын қанағаттандырып, алғыс арқалаған кәсіпкерлер енді «Гүл әлем» атты жаңа заманауи форматтағы дүкен ашып, тұрғындар мен қала қонақтарының көңілінен шығатын игілікті іске ұйытқы болды.

Жаңа дүкеннің салтанатты ашылу рәсіміне қатысқан аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Зумрад Дүйсенбаева кәсіп иелеріне өзінің ізгі тілегін білдіріп, аудан әкімі Аэлима Ахметсәлімқызы мен аудандық мәслихат төрағасы Еркебұлан Зағыпаровтың атынан «Алғыс хатын» тапсырды. Салтанатты жиында кәсіп иелерінің анасы, еңбек ардагері, зайнеткер ұстаз Бакыт Дүкейқызы өзінің арнау өлеңін оқыды. «Гүл әлемі» дүкенінің лентасын кию рәсімі жасалды.

ҚАРАБҰЛАҚ ҚҰРАМАСЫ – КҮМІС ЖЕҢІМПАЗ



2025 жылдың 22-27 шілде аралығында @shqfl.kz ұйымдастыруымен өткен Шығыс Қазақстан облысының ауданаралық футбол чемпионатында Зайсан ауданының намысын қорғаған Қарабұлақ ауылдық округінің құрамасы үздік нәтиже көрсетті.

Барлығы 10 команда қатысқан тартысты додада Қарабұлақ құрамасы финалға дейін сүрінбей өтіп, жоғары деңгейде өнер көрсетіп, II орынға тұрақтады. Жеке номинациялар бойынша жеңімпаздар:

Бердібек Мұрагер – «Үздік шабуылшы», Құрманбаев Азамат – «Үздік қорғаушы», Ерлан Еркебұланға «Алғыс хат» табысталды.

Команданың жарысқа қатысуына және жетістікке жетуіне қолдау көрсеткен демеушілер – @maxsaduakasov және «Тарбағатай-мұнай» компаниясына алғыс шексіз. Қолдауларыңыз бен еңбектеріңіз әрдайым жемісті болсын!

Қарабұлақ құрамасы осындай нәтиженің арқасында 2025 жылдың қазан айында Өскемен қаласында өтетін СУПЕРФИНАЛ ойындарына жолдама алды. Команда ойыншыларына алдағы додаларда сәттілік пен жарқын жеңістер тілейміз!

«ДОСТЫҚ- АҚПАРАТ».



Толғау

Толғансам, туған өлке, даланы айтам,
Ойнақтап өскен сай мен саланы айтам.

Өзіне сағынышпен келем тағы,
Ассалаумағалейкум, қала Зайсан!

Қалды артта қаншама жол, қолатқырат,
Бұлдырап жеткізбейді қалам бірақ.
Тұсыннан өтіп барам, Жайсаң көлім,
Ассалаумағалейкум, Қарабұлақ!

Саржыра, Жарсу, Кеңсай ауылдарым,
Бақасу, сонша өзінді сағынғаным.
Аман ба, Көгедай мен Айнабұлақ?!
Ыстықсың жүрегіме сенің бәрің.

Дайырым, Қараталым, Сартерегім,
Туған жер, қандай сұлу, көркем едің?!
Балауса шалғынына аунап-қунап,
Келеді жас сәбидей еркелегім!

Жамбылым, Қуанышым, Ақаралым,
Бағалы әр бұтаң мен қарағаным.
Армысың, Көкжыра мен Біржан ауыл,
Аман ба, атай-әжей, ағаларым?!

Шілікті, Тасбастау мен Жалшилерім,
Шүршітсеу, Жанатұрмыс,
Саршилерім.
Есімде осы өлкеден білім алып,
Қиғаш қас, ай дидарлы жар сүйгенім.

Аман ба, туыс-жолдас, құрдастарым,
Ежелден тағдыры ортақ сырлас жаным.
Бөлейік әсем әнге бүгінгі күн,
Зайсанның жұлдыз жапқан түнгі аспанын.

Қауыштық, көрдік аман тағы елімді,
Қабыл ал сағынышты сәлемімді.
Қабыл ал, туған жерім, шын жүректен,
Арнаған осы толғау өлеңімді.

Зайсаным – ордасы ғой ұлы өнердің,
Отаны небір дүлдүл – Құлагердің.
Ғажап жер көп болғанмен, тек өзіңе
Келеді аттың басын бұра бергім.

Дүниеден өткен жерлес – талай дарын,
Қарты бар қырау басқан самайларын.
Өнерлі қаншама өрен жас кетіпті,
Марқұм боп қадірлі апай-ағайларым.

Салтымен, о ағайын, бұрынғының,
Соларды еске алайық бүгінгі күн.
Жүргендей қазір бірге өздерімен,
Ашайық сахнаның шымылдығын.

Халайық, көңілің кең, жаның ізгі,
Түгендеп жоғымыз-барымызды.
Қамшының сабындай бұл қысқа өмірде,
Сыйлайық, құрметтейік бәрімізді.

Жерлесіміз Заманбек Әбдешов 75 жасқа

Әсем табиғатымен талайларды тамсандырған, кезінде республика басшыларының назарына ілігіп, «Алматының шағын макеті» атанған Зайсан өңірінің тумасы, ауданның құрметті азаматы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі, бірнеше кітаптардың авторы, аудармашы, ақын, «Парасат» орденінің иегері Әбдешов Заманбек биыл мерейтой иесі атанып, 75 жасқа толып отыр. Жерлесімізді осынау мерейлі сәтімен шын жүректен құттықтаймыз. Мықты денсаулық, әулетіне амандық, шаңырағына әрқашан жақсылық, өзіне әрдайым шалқар шабыт, шығармашылық табыс тілейміз.

Алғашқы шығармалары аудандық «Достық» газетінде жарияланған қаламгер ауданымыздың мақтанышы! Бүгінгі нөмерде мерейтой иесі - жерлесіміздің қаламынан туған өлеңдер топтамасын оқырмандар назарына ұсынып отырмыз! Той тойға ұлассын!

Иманы жолдас болсын өткендердің,
Солмасын қызыл гүлі көк белдердің.
Шалқысын Зайсан даңқы алау болып,
Мөңгілік арасында Көк пен Жердің!

Ей, Өмір, сенің өкен Икеп деген,
Жан еді бастан құрмет-сый кетпеген.
Денеге сызат түспей аман келді,
Бес жылғы жауған оқтан түйдектеген.

Қапсағай батыр тұлға, қыран қабақ,
Талайлар бой түзейтін бұған қарап.
Мың тарау сын сағатта қайыспайды,
Арқаға батпан-батпан жүк арқалап.

Жектіріп қос құла айғыр шанасына,
Зырлайтын сонау Зайсан қаласына.
Сипайтын кіші көрсе мандайынан,
Үлкеннің жармаспайтын жағасына.

Ширатып қара мұртын бабыменен,
Киетін киімін де сәніменен.
Кісіні жақын келген дос тұтатын,
Жақсының сыйласатын бәріменен.

Өр қалпын заманына сай ұстады,
Сардардай қанды майдан, сайыстағы.
Көрсен де бұл ғұмырда сан тауқымет,
Сынбады біріне де, майыспады.

Өзіне серілік те жарасатын,
Ден қойса болар еді-ау тамаша ақын.
Түсіріп көрген емес өр еңсесін,
Жоғалтып алған емес парасатын.

Кісі еді ортасына ол бір көсем,
Жарасар ер десең де, есіл десең.
... Әр ұлдың шын парызы сол емес пе?
Әкенің жаққан отын өшірмесең!

Әлі де күмбірлейді сол қоңырау,
Көз тіксем біздер өткен жолға мынау.
Селдіреп қалғаның ба ішінде өскен,
Қайран ел, менің қара орманым-ау?!

Алдынан мол тәрбие-тәлім алар,
Азайып қалыпты абзал қариялар.
Айналған сағынышқа жастық дәурен,
Бұл күнде бұлдыраған сағым олар.

Сағым олар қуғанмен жеткізбейді,
Күтумен қанша ғұмыр өткіз мейлі.
Бұл жүрек әлденеге алағызып,
Бұл көңіл әлденеден жоқты іздейді.

Ауылға неше келіп, неше кеткен,
Тулайды жүрек шіркін не себептен?
Достарын сағына ма бірге оқыған,
Жастығын сағына ма кешегі өткен?

Тағы да мектебіме келіп тұрмын,
Иіліп жұртқа сәлем беріп кірдім.
Алансыз осы ордада білім алған,
Келеді бала кезді жолықтырғым.

Тұрғанда токсандағы дана кейпін,
Хақың бар мені шақірт бала дейтін.
Ақ шалған басымды ідім өзіңе кеп,
Алтын ұям, ассалаумағалейкум!

Шетінен секілді кіл қарлы шырлар,
Ардагер ұстаздарым, армысындар!
Бәріңді құшағыма қысып тұрып,

Айтатын шын жүректен алғысым бар!
Ғибрат ап ұстаз берген тәлім істен,
Оқушы екі білім нәрін қанып ішкен.
Бақилық болған ағай-апайларды,
Дұға оқып, еске аламыз сағынышпен.

Дөп тиер айтқан сөзім нысанаға,
Өткенін саналы адам ұмыта ала ма?
Ағамның Хасен атты адал жары,
Аяулы жаным еді Мұқарама.

Бұл, мектеп атында ғой сол кісінің,
Бұл, демек, басқаны ғой өрге ісінің.
Еңбегі сіңген жанның шын құрметке,
Осы ғой бөленуі болмысының.
Біз келдік қуанышпен әр қиядан,
Көңілде көктем күні жарқыраған.
Токсанға толған тойың құтты болсын,
Мерекең құтты болсын, алтын ұям!

Толыпты жарты ғасыр жұптасқалы,
Жұбайлық жолға түсіп нық басқалы.
Шаңырақ содан бері шайқалған жоқ,
Аспанын қарақошқыл бұлт баспады.

Жарымен ғұмыр кешкен жарасымды,
Бұл ағам күллі ауылға аға сынды.
Елу жыл қол ұстасқан аға-жеңгем,
Көзіме елестетер дара шыңды.

Сездірмей қыс суығын, күзгі ызғарын,
Өсірді аман-есен ұл-қыздарын.
Тараған осы әулеттің ұрпақтары,
Елінің жағар талай жұлдыздарын.

Шаршасаң, той-думаннан шаршаның да,
Тойлаймыз бүгін Сіздің арқаңызда.
Алтын той құтты болсын, аға-жеңге,
Қуаныш ортақ болсын баршаңызға!

Тастайға

Жұмбақ көп көңілімде, ашпай келем,
Бүгіннен өткенге көз тастайды өлең.
Жалынды шақтарымда, Сыр бойында,
Жолықтым бір аруға Тастай деген.

Тойда бір ойда-жоқта кезігіп екі,
Жарастық тапты-ау сезім, о, күдірет!
Сол қыздың аты – Тастай, өзі – Жібек,
Сол қыздың заты – тастай, сөзі жібек.

Жүректі сезімдердің безбені ғып,
Отырдық көзбен сөйлеп, көзбен ұғып.
Дүние қас-қаққанша гүлге айналып,
Дүние бара жатты өзгеріліп.

Жігіт екі бір-бір арман арқалаған,
Думан той таң атқанша тарқамаған.
Ертенгі автобустар жолға шықпай,
Жақсы еді-ау Шиеліде қалса маған.

Бұл ойға нелер кетпес, нелер келіп,
Біреу күн аялдасақ, өлер ме едік?
Мың міндет күтіп алда тұрғандай-ақ,
Әйтеуір, кеттік жүріп, бөгелмедік.

Ұқпаған уақыттың қас-қабағын,
Жас едік, жан да жалын, бас та жалын.
Асығыс аттанысқа өкінсем де,
Отырдым көлігіне астананың.

...Қиялмен сапар шексем сол құрдасқа-ай,
Көңілімнің көк дөнені болдырма-стай.
Көрші ойнап, алма жүзі бал-бұл жанып,
Жүргендей Шиеліде сол бір Тастай.

Оңашада сырласады қыз-жігіт,
Көз алмайды бір-бірінен үздігіп.

Соған қарап жанарында нұр ойнап,
Мынау жеңгей өткен күнін түр ойлап.

Отыр екеу... Ұмытқан бәрің алаңсыз,
Күзгі күнмен талаурайды балаң жүз.

Әлгі жеңгей күзгі бақта жүр сұлық,
Жоғалтқандай қымбаттысын күрсініп.

... Көңіл шіркін көктем гүлін іздеген,
Көңілсіз-ау қанша айтқанмен күз деген.

Өнімде шешілмеді жұмбақ мынау,
Түсімде жақын келіп тіл қаттың-ау.
Ойыма оңашада сен түсесің,
Сен мені ойлайсың ба, қымбаттым ау?

Сен мені ойлаймысың анда-санда,
Мен үшін отқа күйіп-жанбасаң да.
Сәулешім, ризамын өнімде емес,
Түсімде бірге жүріп алдасаң да.

Жүректе ұйтқып жатса тылсым ағын,
Сезімнің сөңдіре алар кім шырағын?
Өзіңмен қауышайын, сырласайын,
Түсіме жиі кіріп жүрші, жаным.

Екеуіміз ойда-жоқта жолығысып,
Білмеймін нені ұқпадық, нені ұғысып?!
Әйтеуір, көкке өрледі көңіліміз,
Сезімнің бал шарабын бөліп ішіп.

Десем де бастап тұрмын бүгін нені,
Ақылға шіркін жүрек жүгінбеді.
Бұл менің шашпай жүрген сырым ба еді,
Бұл менің жазбай жүрген жырым ба еді?!

Бұл жайды байыз тауып түсінбедім,
Дұрыс па, бұрыс па, бұл ісім менің?
Кінәлап қарамашы, тағамысың,
Өзіңді ұнатқаным үшін де мін?

Күдікке бой алдырып, сенбей сынап,
Сен маған әлсін-әлсін берме сұрақ.
Ауыздан сөз боп шықса өңі қашар,
Әйтпесе кеудемде сыр көл-көсір-ақ.

Жұмбаққа жолықпайды кісі небір,
Бұл күнде жиі енеді түсіме гүл.
Ағанның аялаған жан сезімін,
Өзіңнің сезіміңдей түсіне біл.

Атардай сені ойласам күліп таным,
Гүл жапты көңілдегі үміт бағым.
Қажеті – төлеуі емес құштарлықтың,
Қажеті – сенің мені шын ұққаның.

ЗАМАНБЕК ӘБДЕШЕВ.

☀ Шопандар тойы

Жайлау төріндегі мереке



Өткен аптаның жұма, сенбі күндері аудандық ішкі саясат, кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімдері мен қала және ауылдық округ әкімдерінің ұйымдастыруымен Зайсан өңірінде шопандар тойы өткізілді.

Қаратал ауылдық округіне қарасты «Жазық қора» жайлауының төрінде болған мерекеге Қаратал, Сарытерек, Дайыр ауылдық округ әкімдері мен аппарат қызметкерлері, аудан әкімінің орынбасары Данияр Серіков, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Марат Уәли, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Зумрад Дүйсенбаева, аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Қайрат Каримов, Зайсан ауданының құрметті азаматтары Қалибек Алтыбаев, Совет Салиев қатысып, өздерінің ізгі тілектерін ортаға салды. Сонымен бірге ежелден бері дәстүрлі іске айналған шопандарға арналған тойдың негізгі мақсаты мен қарапайым еңбек адамына көрсетілетін құрмет пен оның тағылым берер мол тәрбиесіне тоқталды. Бұл күні аудан әкімінің орынбасары Данияр Серікулы ата кәсіптің ақ таяғын ұстаған қараталдық, сарытеректік, дайырлық шопан қауымына аудан әкімі мен аудандық мәслихаттың «Алғыс хатын» тапсырды. Қаратал ауылдық округінің әкімі Мереке Сайранов құттықтау тілегін білдірсе, сол секілді Сарытерек ауылдық округінің әкімі Еркебұлан Четыков мал шаруашылығында еңбек етіп, өрісті ақтылы қойға толтырған сарытеректік қарапайым мамандық иелерін мақтау қағазымен марапаттады. Дархан дала төскейінде әсем ән әуеледі, аудандық мәдениет үйінің, Сарытерек, Дайыр, Қаратал ауылдық округінің мәдениет қызметкерлері өз өнерлерімен жиналған өнер сүйер қауымның қошаметіне бөленді. Еңбек ардагері

Совет Салиев сахна төрінде ән шырқап, көрерменнің көзайымы болды.

Жиналған қауым жайлау төріне «Үш округтің шопандары көшіп келгендей» күйге бөленді. Киіз үй тігіліп, палатка құрылып, оның ішіне ақ дастарқан жайылды. Пәленбай шақырымды артқа тастап, өзінің әсем табиғатымен тамсандырған жайлауға жеткен үлкен – кіші мерекелік бағдарламаға сәйкес мәдени, спорттық іс шаралардың куәгері болды. Әйелдер арасында арқан тарту сайысынан бірінші орынды Қаратал ауылдық округі, екінші орынды аудандық мәдениет үйі командасы, үшінші орынды Дайыр ауылдық округі қанжығаласа, ерлер арасынан Қаратал командасы бірінші, Сарытерек-1 командасы екінші, Сарытерек-2 командасы үшінші орынды иеленді. Ұлтымыздың ұлттық ойыны - ләңгі тебуден өз өнерлерін ортаға салған Максат есімді азамат бірінші, сарытеректік Ринат Епбаев екінші, өскемендік Серік үшінші орындардың иесі атанды. Ал гiр көтеру сайысында Сарытерек ауылдық округінен Руфат Тәшкенов бірінші, Қаратал ауылдық округінен Жандос Камалбеков екінші орыннан көрінсе, дайырлық Досан Қаженов үшінші орынға тұрақтады.

Өткен сенбі күні Кеңсай ауылдық округіне қарасты «Мәтігүл» жайлауындағы кең жазықта аталған шопандар тойы Біржан, Айнабұлақ, Кеңсай, Шілікті ауылдық және Зайсан қала округінің аумағындағы шаруа қожалықтары мен ауылшаруашылық құрылымдарының құрметіне арналды. Жылына бір тойланатын мерекеге жаппай барлық шопан қауымы қатысты дегеннен аулақпыз. Дегенмен, жер шалғайлығына карамастан оны тамашалауға барған үлкен-кішінің ән айтып, би билеп, спорттық сайыстарға қатысудағы

белсенділіктері көңілді ерекше сезімге бөледі.

«Мәтігүлдағы» шопандар тойына жиналғандарды аудандық ауылшаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Қайрат Каримов, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Зумрад Дүйсенбаева, қала әкімі Ринат Тауасаров, Біржан, Айнабұлақ, Кеңсай, Шілікті ауылдық округтерінің әкімдері Д. Ошақбаев, А. Мәтенов, А. Смайылов, Қ. Төлеуханұлы сөз кезегін алып, құттықтап, өздерінің ізгі тілектерін білдірді. Салтанатты сәтте ақтылы қой өсірген шопандарға аудан әкімі Аэлига Ахметсәлімқызы мен аудандық мәслихат төрағасы Еркебұлан Зағыпаровтың «Алғыс хаты» тапсырылды.

Ішкі істер саласының ардагері, қарт әнші Советхан Салиев бастаған өнерпаз қауымның өнерін тамашалаған жұртшылық әсем әннің әуеніне қосылып би билеп, мерекенің көркін қыздыра түсті. Қала әкімі Ринат Әденбекұлы спорттық шаралардың бағдарламасымен таныстырып, сайыстардың мәнді де мағыналы өтуіне өз тарапынан басшылық жасады. Әлдеқашан ұмытылып кеткен «ләңгі тебу» сайысында бел шешіп өнер көрсеткендердің арасынан бірінші орынды Бейбіт есімді азамат иеленсе, екінші орынды Шілікті ауылдық округінің әкімі Қуаныш Төлеухан, үшінші орынды Мұрагер Нұршабаев қанжығалады. Гір көтеруде Азамат, Ринат, Максат

үшінші орындарды еншіледі.

Шопандар тойының көркін ашқан спорттық сайыстың бірі – жанкүйерлердің көңілінен шыққан бір шақырымдық бөйге сайысы болды. Додалы жарыста Мұрагер Нұршабаевтың сәйгүлігі бірінші болып келсе, Е. Ермектің баптаған сәйгүлігі екінші, З. Зарлыхандікі үшінші орынға ие болды. Ұлттық ойынның бірі - көкпар тарту тартысты өтті. Шопан тойына келіп, өз өнерлерін ортаға салған ауыл азаматтары көкпар ойынында өз мығымдылықтарын танытты. Әсіресе, Кеңсай ауылдық округінен қатысқан Ерасыл, Дарын, Ерасыл, қарабұлақтық Бақытбек секілді азаматтардың мерейі үстем болғанын атап айтамыз. Көкпарда «өгіз өлген» деп аталатын соңғы мөресінде Ерасыл өз мығымдылығын көрсетті.

Спорттық сайыстарға жеке кәсіпкер Абжанов Сырым Қуатбекұлы демеушілігін көрсетіп, мәрттігін танытты. Бұл күні жер – ана койнауы әдеттегіден өзгеше келбетпен жасарды. Кеңсай ауылдық округінің әкімі Асылан Смайыловтың бастамасымен бұйығып жатқан дархан дала төсіне он екі қанатты киіз үй тігіліп, оның ішіне ақ дастарқан жайылып, далада қазақтың қара қазанында пісірілген астан тойды тамашалаушылар дәм татты. Мерекені тамашалауға келген үлкен-кішіні киіз үйде Ләззат Мүбәраққызы, Әсия Алшанова, Динара Есіркегенова, Ақгүл Ахметжанова, Айжан Сапарханова, Жазира



есімді азаматтар басқалардан ұрпай санынан басым түсіп, жүлделі орындардан көрінді. 500 метрге жүгіруден қыздар арасында бірінші орынды Н. Сағдұлданова, екінші орынды Н. Исаханова, үшінші орынды А. Ахметжанова еншіледі. Шілікті ауылдық округінің әкімі Қ. Төлеухан Алматы қаласынан келіп, шопандар тойында жүгіру сайысына қатысқан құрметті қонағына көтермелеу сыйлығын қоса тапсырды. Ал 1000 метрлік жүгірісте ерлер арасынан А. Аманкелді мәреге бірінші болып келсе, Ф. Бақтыбаев екінші, М. Нұршабаев үшінші орыннан көрінді. Білектің күшімен, тартысқа түсетін арқан тартуда әйелдер командасынан бірінші орынды Шілікті, екінші орынды Жарсу, үшінші орынды Кеңсай командалары иеленді. Ал ерлер арасында кеңсайлықтар топты жарып, алдан көрінсе, Шілікті-1 командасы екінші, Шілікті-2 командасы

Исабаева, Назерке Сағдолданова секілді ақ жаулықты аналар мен қыз – келіншектер жылы шыраймен қарсы алып, ілтисат көрсетті. Шопандар тойын тамашалаушы қонақтарға буы бұрқыраған самауырынан ыстық шәй беріп, бағыланның етінен кәуап жасап, келушілерге мінсіз қызмет көрсеткен ер азаматтардың тірлігі де көңіл көншітті.

Шопандар тойында өңірді төрт түлікке толтырып, халықты сапалы ет өнімдерімен қамтамасыз етіп, есімі ел аузында жүрген «Жасұлан 777», «Қара Ертіс», «Досымжан», «Шығыс», «Айбын», «Шәкен», «Қуаныш», «Айдос», «Жігер», «Есхат», «Ақбай», «Түкібай» секілді көптеген шаруа қожалықтарының мүшелері «Алғыс хаттармен» марапатталды.

А. БӨЛДЕКБАЕВА.





☀ **Соғыс және еңбек ардагері Абылханов Қабиолданың туғанына 100 жыл**

АДАМ ҰРПАҒЫМЕН МЫҢ ЖАСАЙДЫ



Елім деп еңіреп, жерім деп жігерленіп, ұрпағымның еркіндігін, болашағының жарқындығын сақтаймын деп толарсақтан қан кешкен ер жүрек қазақтың қайсар ерлерінің ұрпақтарымыз Біз. жауырыны бекіп, бұғанасы қатпаған, жалындаған жастық гүмырын соғыс жалмаған, қасық қаны қалғанша күрескен, денесін оқ тескен, өрлігін Алла қолдаған, соғыстан аман келген жауынгерлердің ұрпағымыз Біз. ерін, баласын, туысын майданға аттандырып, бел шешіп ұйықтап көрмеген, өгіз айдап, жер жыртқан, масак теріп – дән салған, мал бағып, сүт емізген, бесігін тербеп, ән салған аналардың ұрпағымыз біз. Ия, біз, сүйегі мықты қайраты жігерлі, қуаты мол, жоқтан бар жасап, барға қанағат қылған, қамқорлығы мен мейірімі көлдей, адамгершіліктің туын жықпаған елдің адал ерлерінің ұрпағымыз.

Сол ерлердің көздерін көрген ұрпақымыз. Біз олардың әңгімелерін, ерліктерін келешек ұрпаққа төкпей-шашпай жеткізетін де Біз.

Әкеміз өз қолымен жазылған хатым қағазы мен естелік дәптері үстелімнің үстінде жатқанына көп болды. Хатым қағазда қайтыс болған ата-бабалары, ағайын-туыстары, шетінеген сәбилері, кім-кімнен туғандығы тайға таңба басқандай, маржандай жазумен жазылған. «Бұл да әкеміздің көрегендігі екен – ау, Ұрпағым есімдерін ұмытпай Құран бағыштап, аруақтарды риза етіп жүрсін» дегені болар. Хатым қағаздың өзі де әулетіміздің шежіресі іспетті.

Естелік дәптерінде 1996 жылы 17 қазан «Дидар» газетінде жарияланған «Түп төркімізді сөз етсек» (Е.Тұрлыбаев) З.Көпбайұлының «Тағы да Найман шежіресі» мақалаларынан қысқаша көшіріп жазған екен.

Дәптердің тағы бір бетінде «Шайхының әкесінің айтуы бойынша» деп өз руының шежіресін жазыпты. Ама! бар ма?! Сол кездері осы дәптерін біздерге көрсетпеген екен. Шайхы ақсақал кім? Біздің нағашы атамыз да Шайхы ата – 100 жасаған, шежіреші, ертеқ жырларды майын тамызып айтатын кеменгер адам болған. Шежіре әлде сол кісінің айтуы ма, бізге беймәлім.

Шежіре – халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарих ғылымының бір тармағы. Әкеміздің қолында 1776 жылы жазылған 17 ғасырда өмір сүрген Шапырашты Қазыбек Тауасарұлы жазған «Түп тұқияннан өзіме шейін» аталатын кітабы болды. Осы кітапты оқып, керек жерлерін, белгілеп сызып отырыпты. Қазыбек 1692 жылы қазіргі Талдықорған, Кербұлақта туған. Жас кезінен Бұқара, Самарқанд, Бағдат, Стамбулда оқып, әдебиет, тарих, астрология салаларынан білім алған ұлы ғұлама. Кітабының алғашқы тақырыбы «Ата шежіресі» деп аталады. «Атамыз Алаш, Керегеміз ағаш, Біз қазақпыз», – деп бастайды. Ұрпағым біле жүрсін деген болар әкем өз руының шежіресін былай сызады:

Орта жүз Бекарыс-Сарманай-Ақсопы-Найман...

Найман туралы зерттеушілердің жазбалары өте көп. Әкем «Ақтайлақ би шежіресін қолдандым» деп жазыпты. Сарманайдың бәйбішесінен Мейрамсопы, Ақсопы, тоқалынан Қоянбай, Жарғақ туады. Мейрамсопыдан Арғын туады. Ақсопыдан Найман туады, Ақсопы 25 жасында қайтыс болып, әйелі Күнекейді қайыны Қоянбайға қосады, одан Керей туады. Қазақта «Арғын Найман аталас, Найман Керей енелес, Керейді

Найман ешкімге тең емес, бұлар Сарманайлап түйілсе басқалардың тамтығы қалмас» – деген сөздер бар екен. Найман – Белгібай – Сүгірші – Төлегетай – Қытай – Төртуыл – Дөңсе – Жапал – Сырлы – Сығай. Сығайдан 4 ұл туады. Соның бірі – Андабарақ – Есенкелді – Байыл (Тұзақшы) туады.

Байылдың «Тұзақшы болып аталуы оның өте пысық, тасжарған ағашы секілді мықты, тасқайнат, топжарған болып өсуінен болар. Өмірде жолы болғыш аншылар мен балықшылар болады. Олар олжасыз оралмаған Байылда тұзақ құрудан салымды болғандықтан, есімі түрленіп, азан шақырып қойған аты ұмыт болып Тұзақшы атаныпты. Тұзақшылар Зайсан жерін екіге бөліп мекендеген. «Ой тұзақшылары. «Жалғызқұм», «Тасөткел», «Ақсу», «Жарлы», «Ақжайлау», «Бұғымүйіз» жерлерін мекендеген. Ал «Қыр тұзақшылары» «Манырақ», «Кішкене тау», «Талды», «Қызылбиік», «Арқар бұлақ», «Қызыл шағыл», «Кенсай», «Кенөткел», «Шитөбе» жерлерін мекендеген. Біздер «Қыр тұзақшыларымыз» деп отыратын әкем.

Байыл-Тұзақшы) – Сарғалдақ – 3 ұл туады. Бірі Жәнібек – Байғара. Біздің әулет Байғара атадан тарайды.

Байғара, Қарабас, Балқыбек, Жетімек, Өтеген Өтеміс.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдары бастауыш сыныпта оқитын немерелерге ел болып «Жеті атаны» іздеген тұста өзі жазып беріп үйреткенде Балқыбек – Бабыр – Күлен – Айтақ есімдері аталады. Ал әкеміз тегі өмір бойы Абылханов Қабиолда. Сонда Абылхан баба қай жағында. Жарықтық ауырып жатып, әбден нашарлағанда Әуез ағаға «Мені Айтақұлы деп жерлейсің» дегенді тапсырады.

Үлкен немересі Аян: «Тегіңіз Айтаққа, Күленге неге жазылмады?» деп сұрағанда «Әкем бізді тастап, Қытайға қашқан» деп қысқа қайырыпты. Сонда әкеміз Айтақтың атына емес, үлкен ағасы Абылханның атына жазылған. Біздер Күленұлы Айтақ туралы мәліметті іздестіргенде Өскемен мұрағатынан Зайсан уездінің комсомол жастарының 1925-1928 жылдардағы тізімінен табылды. Соңғы тізімдерде аталмайды. Ендеше әкеміз менің 3 жасымда Қытай еліне қашты дегені сәйкес келетіндей. 1928-1929 жылдары елдің Қытайға қашуына себеп болған қандай тарихи оқиғалар бар?

1925 жылы Мәскеуден БК(б)П Қазақ өлкелік комитетіне хатшылыққа тағайындалып келген Ф.Голощекинның «Кіші октябрь» саясатын жүзеге асыру басталды. Байлардың мал мүлкін кәмпесекелеу, күшпен коллективтендіру саясатына қарсылық жасаған ел ата-жұрт мекенін тастап, Қытай жеріне босты. Ауданның танымал азаматы Алтыбаев Қалибек ағаның «Атамекен Зайсан» кітабында: «Қытаймен шектескен Сайқан тауына жетуге шамалары келген ел бұратылып, көмүсіз қалды» – деп жазды. Қандай қасірет. Тағдыры төлкекке түскендердің саны 20000-дай адам деген мұрағатта мәлімет бар. Сол адамдардың бірі – біздің атамыз Күленов Айтақ болуы әбден ықтимал. Әкеміз сол бір тарихи кезенге лағнет айтып, өкенің атын атаймай өткені, өлер шағында әкесінің есімін аузына алуы да әкеге деген құрметі болар деп бағаладық. Ендеше әкеміздің қолжазбасы бойынша біздің шежіреміз:

Балқыбек – Дабыр – Күлен – Айтақ. Айтақтан туған Абылхан, Хадиша, Қабиолда.

Әкем Қабиолда 1925 жылы 25 мамырда Жарсу ауылында туған. Бірақ, 25 мамыр деген анық емес-ау, шешем Дәме жер кепкенде туғансың деп отыратын, шешем өте жуас адам еді. Шешем өлместің алдында бидай тауып, балаларына санап беріп, аузымен тістегендей бізді жеткізді ғой, – дейтін.

1930 жылы Қазақстан Орталық атқару комитеті «Республикада жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқу енгізу туралы заң қабылдайды. Осыған сәйкес Жарсу ауылында «Правда» бастауыш мектебі ашылады, кейіннен 7 жылдық болады. Әкем кішкентайынан құянмен (ревматизм) ауырып, аяғын басып жүре алмай, құйрығымен жорғалапты. Сондықтан 9 жасқа толғанда 1934 жылы мектепке барады. «Кейде шешен, кейде ауылдағы бірге оқитын достар көтеріп апаратын» – деп риза болып достарының аттарын атап отыратын. Осы қамқорлыққа риза сезіммен сабағын өте жақсы оқып, есепке жүйрік, зерек бала атаныпты.

1941 жылы 7 класты бітіріп 16 жасында «Калинин» колхозына ынталы, еңбекқор, зерек бала есепші қызметіне алынады. Бұл кезде колхоздағы ер адамдардың бәрі дерлік 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып кеткен. Ағайындары Абылханнан туған Кәрімолда, Мұхаметқали, Мұхаметолда соғысқа кетіп, бәрінен қара қағаз келіп те үлгеріпті. Арасында Кәрімолда ғана Бижамал апайға үйленіп, Гүлзайра атты қызы туған екен. Әкеміз осы қарындасына өмір бойы қамқорлығын жасады, балалы-шағалы болып өсіп өнді.

Ағаларынан қара қағаз келгеннен кейін жас жігіттің бойындағы фашизмге деген өшпенділікпен, Отан қорғауға деген патриоттық сезіммен өзі сұранып жүріп, бар-жоғы 18 жасында майданға аттанады. 1943 жылы қаңтар айында Совет армиясы қатарына шақырылып Қиыр Шығыс Забайкалье әскери округінде әзірлікте болып, мергендер даярлайтын курсты оқып бітіреді. 278- атқыштар дивизиясының 847-Гаубичный артиллерия полкында тоғызшыны батареяда «командир орудия» қызметін атқарады.

– «Забайкальге, Чита облысына жол тарттық. Мен, Әбдиев, Шалатаев, Түсіпбаев сынды жолдастарымен бірге болдым. Монғолия мен Маньчжурияның түйіскен шекарасына жақын Соловьев стнациясында Жапонияға қарсы соғысқа кірдік» – деп еске алатын әкем. Соғыс кезіндегі ерліктерін бағалап «За боевые заслуги» медалімен, «За победу над Японией», Монғол Халық Республикасының «Бид Ялав» медалімен марапатталған. Ұлы Отан соғысының 40-жылдық мерекесіне байланысты КССРО жоғары Советінің 1985 жылғы Указымен соғыс кезінде алған наградтары ескеріліп «II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен наградталды. Соғыс біткен соң резервтегі армия қатарында 5 жыл қызмет етіп елге оралған.

Балаларынан келген қара қағаздың қайғысын көтере алмаған Дәме апамыз қайтыс болған. Туған үйінде ешкімі қалмаған әкеміз ұзатылған апайы Қадияшаны жаяу жалпы Тарбағатайға іздеп барып, қауышып, жездесінің «Бізбен бірге қал» деген өтінішін тыңдамай еліне қайтып келеді. Қадияша апамыз да үш ұлды болып, бертінге дейін әкем жиендерімен араласып отырды. Біздерге жиендерін аманаттап тапсырып, «Көз қырларыңды салып жүріндер» дейтін. Бүгінде олардың да ұрпақтары өсіп, өнді.

1950 жылы елге оралғаннан кейін әкем туып өскен «Калинин» «Правда» колхоздарында колхозшы болып

жұмыс істеді. Сол жылы Шайхықызы Қапизаға үйленеді. Шешеміз де өте сабырлы, тереннен ойлайтын, түйгені бар, парасатты ақылды адам болды. Әкесі Шайхы ата мен анасы Марзия Кәріқызы ғасыр жасаған, данагөй қарттар болды. Сүйегі Ақнайман ішінде Жансары, Қырықмылтық. Шешеміз ата-анасының арасындағы шынайы махаббат сезімін жыр ғып айтатын. Мәрзия апамыз байдың қызы, кербез, жан-жағына үстемдік жасай білетін, кесіп айтып, шешім шығаратын адуынды, ісмерлігімен, сән қойлығы бар, әдемілігі мен тазалығы жарасқан жан еді. Ал Шайхы атамыз байдың жылқышысы, кедей жігіт. Жастар сөз байласып бір түнде қашып, өз елінен жырақ, Есімбектерге келіп, сінген екен. Шайхы атамыз еңбекқор, асқан шебер етікші, небір дастан жырларды жатқа айтатын дарынды, біздей немерелеріне бір таңға айтар ертегісі бар еді. Апамызды «қалыңдығым» – деп әзілдей сөйлейтін. Міне, осындай ата-анадан туған шешеміз де тектілігін сақтады, тектен нәр алған тозбайды. Шешем соғыс кезінде Жарсуға дүкенде сатушы болған екен. «Сатушы болып бәрімізді шешен асырады» – деп есіне алатын әкеміздің қарындасы Мәриға апай. Үлкендерден қалған көз – аман болсын.

Әкем 1955-1958 жылдары Петропавловскіде техникумда оқып, үздік дипломымен агроном мамандығын алды. Әкем үш жыл осы оқуда болғанда, біздер нағашы аталардың қолында болдық. Ағайын, туғандары соғыстан қайтпай жалғызсыраған әкем қайын жұртына өте жақын болып, арқа сүйеп, өсіп жетілді. Оқудан келгеннен кейін Көгедай ауылында басқарма бастығы болды. Өзі баптап қарайтын, әдемі көк атымен жұмысына баратыны есімде. Көгедайда ерсілік-қарсылы үш бөлмелі шағын үйіміз болды. Кеңсеге жұмысынан келген әкем менің оқуыма көңіл бөліп, сабағымды тексеріп отыратын. «Заман білімділердікі, оқуын керек, мамандықпен жұмыс істейтін боласындар, ұл балалар күрекпен болсын, машина жүргізіпте жұмыс істейді. Қыздарды оқыту керек», – деп отыратын. Сол сөздері құлағыма сіңіп, бала кезден Қабиолда ағай сияқты мұғалім болам дейтінмін, оған шешем қуанатын. Қабиолда ағай бастауышта оқытқан мұғалім.

1960 жылы шешем қатты ауырып, алты ай бойы ауруханада жатты. Сонда Нәби Тоаш, Үркінбай Әнәпия, Зайкен, Бикен апайлар көршілер кезектесіп нан салып, сиыр сауып, іркіт пісіп беретін. Кішкентай бауырларымызды бағысуға нағашы Мәрзия апам біздікінде жатты. Сол кездегі көршілердің қамқорлығын ай. «Жақсы көршің – тынысың» деген. Бертінге дейін араласып, бір туғандай, бір ағайындай болып кеттік. Үркінбай ақсақал 101 жас жасады. Кезіккенде әкешемізді ардақтап, есіне алып, әңгіме айтушы еді. Ол кісі де дүниеден озды, Иманды болсын жарықтық.

1962 жылы «Зайсан» совхозы ұйымдастырылып, әкем осы совхозға экономист қызметіне тағайындалды. «Көгедайдан» совхоз орталығы Кендірлікке көшіп келді. Ауыл бір шама үлкен, ұзын екі көшесі бар, өзіндік тарихы, табиғи орны бар, ауыл екен.

Біздің үйіміз көшенің аяғында, мектеп көшенің басында орналасқан. Таңертең ерте көше толы оқушылар, мал айдаған үлкендер, амандасып, хал сұрасқан адамдар, мұғалім апайлардың сөмкесін көтеруге таласқан қыздар – абыр-сабырлы, тіршіліктің өзі қызық. Қызықтың бәрі үлкен алма бағынан алма, жүзім бағынан жүзім жинау кезінде болатын.

Әкем 1962-1968 жылдары Семей зоотехникалық институтында сырттай оқып, ғалым-зоотехник мамандығын алып, совхозда бас зоотехник болды.

Сол жылдары зоотехник – селекционер болып қызмет еткен жас маман Ақбай Екібаев әлеуметтік желіде былай деп еске алады: “Қабықеш аға менің шаруашылықта тәлімгерім болды. Аға өте кішіпейіл, аккөңіл, шаруаға жан тәнімен берілген, мақсатқа жұмыс істейтін қарапайым жан еді. Қарапайымдылығы сондай, мал аралап жүріп малшылардың қыстағында сынып қалған қоршауларымен, есіктерін өзі жөндеп қалпына келтіретін. Жұмысқа берілгені сонша демалыста жүріп істеліп жатқан шаруаны бір сәт естен шығармайтын. Бір жағдай есімде сақталып қалды. Аға еңбек демалысын алып курортта жатқанда маған хат жазып жіберіпті. Өзінің қалай демалып жатқанын, табиғат көрінісін жаза келе, менің істеп жатқан шаруаларыма аландап, қысқа нұсқаларын жазыпты. Өз жанұясына демалып жүріп хат жазбайтын адамдармен салыстыра ойға қалдым, не деген шаруаға берілген адам. Бірге қызмет істеген уақытта бір рет қабағын шытып, дауысын көтеріп көрмеген, туған ағамдай сыйластықта болдық. Сыйластық бар жерде жан тәнімен беріле еңбек етесін. Совхоздың елу мыңдай қойын зоотехникалық талапқа сай іріктеп, жөнге келтіріп едім, сыйластығымыз сондай мен Семейдің зоовет институтына оқуға кетіп бара жатқанымда аэропортқа дейін шығарып салып, сырттай оқып, еңбекті жалғастыруды өтінген еді. Бірақ мен көнбей күндізгі оқуға кеттім.” Әріптесінің еске алуы біздің де мерейімізді өсірді. Денсаулығына байланысты 1969 жылы қайтадан совхоздың экономисі қызметіне тағайындалып, 20 жылдай қызмет атқарды.

Өзінің барлық қабілетін совхоз экономикасын көтеруге арнады. «Зайсан» совхозы жігерлі ұйымдастырушы директор С.Жайлаубаевтың басқаруымен жоғарғы табысты совхоздардың бірі болды. Совхоз экономикасының дамуына байланысты әкем 1964 жылы Қазақстан Орталық Комитетімен Қаз ССР Министірлер Советінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды. 1967 жылы Москва қаласындағы Халық шаруашылық жетістіктерінің көрмесіне қатысты. Сол кезеңдерде совхоздарда қоғамдық жұмыстарды атқаруға үлкен маңыз берілетін. Совхозда құрылған партиялық мемлекеттік бақылау тобының жұмысына жетекшілік жасады. 1976 жылы республикалық Халықтық бақылау комитетінің «Құрмет грамотасымен» мадақталды. «Зайсан» совхозының экономикасын көтеруге сіңірген еңбегін, қоғамдық жұмысқа қатысын бағалап «В.И. Лениннің 100 жылдығына арналған» мерекелік медалімен наградталды.

Әкем экономика саласында ғана емес, халық арасында, жастар арасында тәрбие жұмысын жүргізуге де көңіл бөлетін. Бірде мал санағын жүргізіп қойшының үйінде шай ішіп отырса, жас келіншек шәулімінен баласының шақайын “Мында жатыр екен ғой” деп суырып алыпты. Шай ішіп отырған азаматтардың бәрі орындарынан тұрып кеткен екен. Әкем ерінбей күм алғызып, шәулімнің ішін жуғызып, «Су құярда үнемі тазалап отырсаң шайың тәтті болады» деп жас келіншекті үйретіп кеткен екен.

Әкем малшы қауымының еселеуі үшін берілетін жыл аяғындағы қосымша еңбекақының ақшасын таратарда автолавканы әдейлеп шақырып, бірге барып көрпеге кигізетін ақ жайма, жастық тысы, төсек жабдықтары, орамалдар, үнді шайларын алғызып, тазалыққа үйретеді екен. Халықтың әл-ауқатын жақсартуға, рухани өсуге де көп жұмыс жасаған екен – ау.

Совхозда жаңадан салынған ақ шаңқан үйлер Кендірлік ауылына сән беріп тұрды. Үйіміз төрт бөлмелі, едені тақтайланған, менің өзіме жеке бөлме тиіп қатты қуандым. Шешем өте таза адам, от жаққан пешті түнде ағартып қоятын. Мен еденнің тақтайын жуамын, шешем «Таңертең таза тұрады, түнде біреу істеп қойғандай болады» - дейтін.

Әуез ағаны да әкем бухгалтерлік мамандыққа баулып, техникумда оқытты. “Менің жолымды қуды” – деп Әуез ағаның тірлігіне қатты қуанатын. Бөлімше бухгалтері болған ағаның әр қағазын қадағалап, саннан қате жібертпейтін. Қатесі болса қағазды ортасынан жыртып, лақтырып “Қатесін өзің ізде” дейтін. Ағатай да бір ауыз сөз қарсы келмейтін. Ағайым Айшікен екеуі 3 жылдай бірге тұрды. Әкем екеуі екі бөлмеде шот соғады. Папамдар жұмыс істегенде, біздер аяқтың ұшымен жүреміз. Әкем өте тәртіпшіл, мінезі қатал, айтқанынан қайтпайтын, талапшыл. Әсіресе, біздің дұрыс оқуымызға, білім алуымызға қатан қарайтын. Математикадан есеп шықпай қалса әкемізге көрсетеміз. Ол кісі техникумда оқыған дәптерін алып шығып, формулаларды тауып, есепті шығарып беретін. Біздер неше жыл өтсе де әкеміздің есте сақтау қабілетіне, ұқыптылығына тәнті болатынбыз.

Әкемнің ағатайыма айтатын әр сөзі есімде: “Әр цифрына не бол, совхоздікі төгіліп жатыр деме, алатыныңды ақшасын төлеп адалынан ал” деп отыратын. Ағайымды жан тазалығы мен ала жіпті аттамайтын адалдыққа үйретіп, тәрбиеледі. Сөйткен Әуез аға «Айнабұлақ» совхозында бас бухгалтер болып, 20 жыл қызмет етті. 6 баласын өсіріп жеткізіп, бүгінде Айшікен екеуі қол ұстасып немереден шөбере сүйген, адал еңбектерінің зейнетін көріп, бақыттан шалқып, қуаныштан қуат алып отырған әулетіміздің үлкен қара шаңырағы. Ағатайымның әулетіне ұзақ, бақытты ғұмыр берсін.

Алғашқы немерелері Әуез ағаның балаларын әке – шешеміз бауырларына басып, мейірлерін төге білді. Әсіресе, шешем асқан балажан еді. Жанқасын бәрінен қызғанып отыратын. Сөйткен анамыз 59 жасында 1979 жылы желтоқсан айында дүниеден өтті.

Анамның жарқын бейнесі көкірегімде сақтаулы. Анамның бұл өмірде жоқтығы жаныма аяздай батып, көңілім құлазып, тебірендім. 27 жастағы мен бір анадан туған, нағашыларымның қолында өскен Бақтикамал әпекемді өзіме жақын тартып, бауыр бастым. Апайым момын мінезмен, қылығымен шешеме қатты ұқсайтын. Киімді өзі тігіп, тоқыма тоқып, өзі өрнек шығаратын шеберлігі болды. Өзі де кезінде ене баққан, маған өмірлік тәжірибесін айтып, ене мен келін арасындағы қатынастың жағымды болу жолын үйрететін. «Енеңді дастарқанға алдымен шақыр, енең келмей шай құйма. Сен жұмыстасың, кешке дейін ешкіммен сөйлеспей отырған адам ашушаң, кірпияз болады. Қалжың айтып жадырат, естіген, білгеніңді бөліс, сыйластық содан басталады. Үлкен адам не нәрсеге кірісіп отыруы да табиғи жағдай, өзін керексізбін бе?» - деп сезінбеуі керек», - дейтін. Апайым жездеміз Қабыкен екеуі тоғыз баланы өмірге әкеліп, бәрін жеткізді. Кішісі Жанар ғылым кандидаты атанды. 64 жыл бірге отасқан көп балалы «Батыр ана» әпекем де 83 жасқа қарағанда дүниеден озды. Алланың рахымында, Пайғамбардың шапағатында, жаныңыз жәннатта болсын. Ұрпағы мен жездеміз амандықта болсын деймін.

Шешем қайтыс болғаннан кейін, 1981 жылы әкем «Мичурин» совхозына бас экономист қызметіне тағайындалды. “Тұзақшы ағайындардың ортасы, өз жерім” деп қуанды. Совхоз экономикасын көтерудің басты факторы ішкі шаруашылық есепті, шаруашылықтың барлық буындарына енгізіп жүзеге асыруды ұйымдастыруда тынымсыз еңбектенді. Өндірісте еңбек ақы төлеудің озық формасы – бригадалық, звенолық, мердігерлік жүйені өндіріске енгізді. Совхоз директоры Тлеубаев Әділханның шебер ұйымдастыруымен еңбекақы

төлеудің жаңа формасы толық жүзеге асырылды, ол өзінің қорытындысын берді «Мичурин» жоғарғы рентабелді совхоздар қатарына шықты. Совхоз дирекциясы, партия, кәсіподақ комитеті атқарған жаңалық еңбегін бағалап совхоздың Құрмет грамотасын тапсырды. Сондай ақ, ауыл шаруашылығына көп жылдар бойы сіңірген еңбегі үшін СССР Жоғары Советі Президиумының атынан «Еңбек ардагері» медалімен наградталды.

Айтқазы бауырым мал дәрігері мамандығын алды. Ауыл шаруашылығында еңбек студіі қалаған Айтон өкеммен бірге «Мичурин» совхозында қызмет етті.

Айтон айтады: «Әкемнің өмір, еңбек мектебінен тәрбиеленіп, қанаттанып шықты. Ия, әкеміз темірдей тәртіптің адамы. Жалқаулыққа, немқұрайдылыққа жаны қас, жағымпаздандуды білмейтін. Шыншыл, өткір мінезді, шаруашылықтағы әділетсіздікке төзбейтін. Қайда, нені айтуды білетін, тауып айтып, кемшілікті сынға ала білетін. Осы қасиетімен совхозда беделді білікті маман болды. Мемлекет, қоғам мүддесін жоғары қоятын нағыз коммунист еді. Ала жіпті аттатқызбайтын».

Әкем Айтон мен Майраның қолында болды. Майра да әдепті, ибалы, текті жер Күпиевтер әулетінің қызы. Әкемнің мінезі өзіме аян, тез айтып, тез қайтатын, көңіліне жақпағанды тура айтады. Тігісін жатқызып, басу айтатын шешем де жоқ қасында. Қалай болар екен деп? - қыз мен қиналатынмын. Майра әкеміздің тілін таба білді, күтудің де жайын білді, алдынан кесе өтпей, әдептен озбай, папалап жүріп, қарт әкемізді аялай білді.

Әкем 1987 жылы зейнеткерлікке шыққаннан кейін де бос отырмайтын. Далаға картоп егіп, өзі кейде жаяу барып, суарып, түттеп қайтатын. Бақшада қатты еңбектеніп, немерелерін үйрететін. Сол кездерде екен жүзім мен алмасы әлі де жайқалуда. Олардың жақсы оқуына, тәрбиесіне, қамқорлығын жасай білді. Әкеміз өз денсаулығын сақтауға да көп көңіл бөлетін. Аурудың азабын тарттырып сендерге салмақ салғызбаса екен деп тілеп отырушы еді. Әдейлеп «Қарашоқыдан» итмұрын, долана теріп, Жаңатұрмыстағы қайын жұртына жатып жалбыз, шайшөп жинайтын. Жинап әкелген шөптерін Майра да уақытында қайнатып, беріп отыратын. Айтон мен Майраның 4 баласы да оқып жеткен, немере сүйдірген, бүкіл әулетіміздің қарашаңырағы, бірлік, берекенің ұйытқысы, ағайын-туыс келіп, кетіп жататын әке-шешеміздің ордалы үйі сияқты. Әкемді соңғы сапарына да өз қолдарымен жөнелтті. Алла разы болсын, келін болса Майрамдай-ақ болсын. Айтқазының отбасы тамырын теренге тартқан, мәуелі бәйтеректей бүрлене берсін деймін.

Әкеміздің білімге және еңбекқорлыққа үйреткен өмір тәжірибесі де ерекше болды.

Бауырым Бақыт солдатқа барып келгеннен кейін Әскемен пединститутының жалпы техникалық факультетін бітіріп, еңбек сабағының мұғалімі болып Зайсан қаласының мектебіне орналасты. Үйленгеннен кейін әкем: “Ұлым сенің қолың шебер, еңбек пәні мұғалімісің. Үкімет қашан үй береді деп тоспай үй салыңдар” – деп бұйырды. Бақыт жер алып, әкем өзі бас-көз болып ұйымдастырып, асарлатып жүріп 2 жылда үй салып алды. Зайыбы Батима да СДИ бітірген жоғарғы білімді маман, училище де сабақ берді. 4 баласын өсіріп, ұстаздар отбасы болып, әдемі ғұмыр кешті. Балаларының бәрі жоғарғы білім алды, бүгінде бәрі қызметте, үйлі-баранды болды. Өзекті өртер өкініштісі сол жолдасы Батима дүниеден озды. Бауырым балаларының ортасында, Астананың төрінде тұрады. Зейнеткер болса да қолының шеберлігімен еңбектен қалған жоқ. Бар махаббатын, бар ғұмырын балаларына ғана арнаған, олардың тәрбиесі мен оқуына жауапкершілікті ала білген, әр қайсысының адами келбетін қалыптастырып, өмірден орын табуына сара жол жасай білген, әкенің де, ананың да рөлін бір өзі атқара білген Бақыт ба-

уырыма ризамыз. Алла қолдасын, ұзақ, бақытты ғұмыр тілеймін.

Ал бауырым Сейтқазы дауысы жақсы, ән айтуға дарыны бары байқалып, әкем Зайсан қаласындағы музыка мектебінің баян класында оқытты. Қаладағы әкемнің інісі Секен ағаның үйінде 2 жыл тұрып, оқуын аяқтады. Кезінде әкем «Немерелес ағайымның баласы еді» - деп Секен аға мен Зейнеп жөнгесін Майқапшағайдан көшіріп әкеліп, қамқорлығына алып, Лизаға үйлендірген еді. Өле өлгенше ағайыным, туысым, Қазан қаласынан келген жеңгем деп араласып отырды. Олар да «Әулеттен қалған жалғыз көз»-деп әкемді сыйлайтын. Секен аға өзі де керемет өнші болатын, орысша әндер айтатын, өзіме тартқан бауырым деп қуанатын. Әкем «Біреуің техника жағын меңгеріңдер» - деп 8 сыныптан кейін Семей қаласының ГПТУ-ында оқытты. Солдаттан келгеннен кейін Алматыдағы энергетикалық институтына оқуға түсті. Алматының ауыр машина жасау зауытында жұмыс істеп жүріп үйленді. Үш балалы болғанда Сейтқазы да бақилық болды. Келініміз Сағдат та адалдығымен балаларын ер жеткізіп, түгінін өшірмей, қазанын оттан түсірмей, ағайын-туыстың берекесін туғызып, шаңырағын сақтап отыр. Жарына адал жар бола білетін қазақ әйелдерінің дәстүріне берік, тәрбиелі, тәлімді келінімізге біз де ризамыз. Сейтқазы бауырымын әулеті өсіп, өркендей берсін, тілеуін тілеймін.

Міне, әкеміздің бізді білімді болуға, оқуға, мамандық алуға жетелеуінің арқасында көкірегі ашық, білікті маман болдық. Ал шешеміз неғұрлым салт-дәстүрге, ырымдарға, тыйымдарға үйретіп, адамгершіліктің асқар шыңына жетеледі. Әсіресе, менің тәрбиеме қатан қарайтын: қабағыңды түйме, үлкеннің алдынан кесе өтпе, үлкеннен бұрын сөйлеме, сөз қайтарма, кеуденді көтерме, мұрыңды шүйірме, сатып берген нәрсеге риза бол, жылтыраққа әуес болма, желпілдемей сабыр сақта, жаман сөз айтпа, біреудің сыртынан өсектеме, қойшы, әйтеуір талай жақсы мен жаманды құлағымызға құятын. Солардың бәрі есейгенде, қызметте, жанұяда, адамдармен қарым-қатынас та көкейімізде сайрап тұрды.

Зейнеткерлікке шыққан әкем біздің отбасына айына бір келіп, қонып жатып кететін. Бақытбек екеуінің әңгімелері жарасатын. Сол бір «Қайта құру» дәуіріндегі ішкі, сыртқы саясатты бірге талдайтын. Бар дүниеге иелік жасалмай, талқан болғанына қынжылатын. Бірақ тәуелсіздік алдық, тәубә дейтін. Жиендерін де бауырына басып еркелететін. Жиендер мен немерелер арасында дойбы, шахматтан жарыс ұйымдастырып, қызық көретін. Әкем құда – жежқаттармен араласу, қарым – қатынаста болудың, дәстүрлі дастарқан жайып, қонақ шақырудың бәрін жөн-жосығымен жасатып, туыстықтың жібін жалғап отыратын. Әкем білімімен ауылдастарына да қамқорлық жасай білді. Өз бетімен зейнетақы есептеудің әдістемесін үйреніп, талай ауылдастарының өтінішімен зейнетақысын қайта есептеп, жөндегіп беріп жүрді. Ауылдастары риза көңілімен алғыстарын жаудыратын.

Адам мың жасамайды, ол ұрпағымен мың жасайды. Тәубә, өмірді жалғар саналы ұрпақ бар. Жылжып аққан өмір – өзен тоқтамайды. Өміріміздің сәні, тірлігіміздің мәні, әулетіміздің алтын дінгеі, ардақты әкеміз Абылханов Қабилда Айтқұлы мен анамыз Қапиза Шайхқызының рухтарын сағына еске аламыз. «Асқар таулар алыстаған сайын биіктей береді.» деген ұғым бар. Ата-анамыз дүниеден өткеннен мынау жарық дүниеде олардың іздері сайрап жатыр. Іздері дегенім олардың ұрпағы, еліне, жеріне жасаған игілікті істері, ағайын-туғандарына қамқорлығы, ашаршылық, соғыс кезіндегі көрген қиыншылығы – осының бәрі болашақ ұрпақтың зердесінде жүруі шарт деп ойлаймын.

Г. ЖАЙЛАУБАЕВА,
ардагер ұстаз.

Аңыз бен ақиқат

Аюды ноқталап мінген нағыз әулие

Жаз келсе жайлауға, күз келсе қыстауға көшетін аттың жалы, түінің қомындағы көшпелі өмірді көрген соңғы ұрпақтың бірімін. Бала күнімде барған бір киелі үңгір жүрегімде мәңгі жатталып қалыпты. Ол үңгір – жай ғана үңгір емес, ел аузында аңыз болған Торғайты әулиенің үңгірі еді.

Біз Көктоғай өңіріндегі «Арасан» атты жайлауға жыл сайын баратынбыз. Тау төсін жарып шыққан шипалы бұлақтары, көз ұшындағы көгілдір жоталары, малға жайлы көк шалғын еріксіз өзіне баурап алатын. Сол көріністер балалық шағымнан санамда сақталған бітпейтін сағыныштың суреті іспетті.

Әлі есімде, киелі үңгірге жеткенде апам мен шешем беттерін сипап, ақ байлап, іштей дұға жасап, тілек тілейтін. «Бұл – Торғайты әулиенің үңгірі», - дейтін апам. Ал мен үшін сол сөз – ертегі мен аңыздай естілетін. Жылдар өте келе, Торғайты әулие туралы ел аузында сақталған деректерге мән бере бастадым. Деректер мен аңыздарды жинап жүріп байқағаным – Торғайты аюды ноқталап мінген нағыз әулие болған екен.

Торғайты Кеншінулы – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде Қытай Халық Республикасының Алтай аймағы, Көктоғай өңірінде өмір сүрген адам. Оның ерекше тылсым қасиеттері мен ғажайып істері халық арасында аңыз болып таралған. Жергілікті өлкетанушылар мен этнограф ғалымдар өмір сүрген уақытын 1930-жылдардың басына дейін деп есептейді.

Халықтың жадында Торғайты әулие ретінде ғана емес, болашақты болжайтын сәуегей, емшілік қасиеті бар көріпкел, пендешіліктен ада таза адам ретінде қалған.

Торғайты жас кезінде малға өрістен ілесіп келген бөтен қойды сойып жегені үшін “Қазанға адал ас салмадың” деп, ағасының бұл ісіне арланып, туған елден іргесін аулақ салыпты. Торғайты әулие өмір бойы елмен бірге жүрмеген. Ел жайлауға көшкенде – қыстауға, ел қыстауға көшкенде керісінше жайлауға көшкен. Бес күн жалғандағы қызылды-жасылды дүниеге қызықпаған. Бар өмірін оңашада құлшылықпен өткізген. Үстінде үнемі ақ шапан, иығында қызыл былғары қоржын, аяғында саптам етік болған деседі. Әулиенің сырт бейнесі ел есінде сопы, диуана кейпінде қалған. Бұл – оның ислам сопылығы жолын ұстанғанынан дерек береді. Жапанда жалғыз жүріп, иен үңгірлерге тұрақтауы – сопылардың кылуатке түсуі деп айтуға да болатындай.

Торғайты әулиенің үңгірлері Алтайдың әр өңірінде бар, бірақ халық жиі баратын, қасиетті санайтыны – Арасан жайлауындағы үңгір. Ел арасында Торғайтының тылсым қабілеті туралы әңгімелер көп тараған. Әулие келетін қонақты алдын ала білетін, елдің тағдырын сезіп отыратын адам болған. Кейде бір үйге кірмей кері қайтады екен. Себебін сұрағандарға: “Бүгін бұл үйде тыныштық жоқ”, – деп айтқан. Айтқаны айдай келіп, әлгі отбасы сол күні түнімен жаңжалдасып кереге, уықтары сынып,



шаңырағы ортасына түскен.

Ел арасында емшілік қасиеті де аңызға айналған. Әулие ауырып келген баланы бауырына басып, әлдилеп отырып:

“Адамыңа бір қонақ,
Итіңе бір қонақ,
Екі серке – екі қонақ”, – деп, қалтасынан өзі арнайы дайындаған дәріні алып, баланың аузына салып жіберсе, сәлден соң сәбидің аяқ-қолы жазылып, сауығып кетеді екен.

Жас отбасылар балалы бола алмай жүрсе, Торғайты әулие үстінен аттап өтсе болғаны, көп өтпей келіннің жерік болғаны туралы әңгімелер де бар.

Таңдай қағып таңғаларлық аңыздардың бірі – Торғайтының аюға мініп, тағы бір арланды ноқталап жетектеп жүргені туралы аңыз. Жайлауға жылқысын іздеп келген бір малшы жігіт иен белде аю мініп жүрген әулиені көреді. Торғайтының тал түсте арлан жетектеп келе жатқанын көріп, сасып қалады. Тар жерде кездесіп қалғаннан кейін қорықса да, амалсыз сәлем береді. Әулие сәлемді алып:

– “Бұл менің алыс жолға мінетін мініс көлігім ғой. Сен мені көрген жоқсың. Мен сені көрген жоқпын...” – деп жүріп кеткен екен.

Демек, бұл – шын мәнінде адамның табиғатпен тіл табысуы. Алланың жаратқан тұз тағыларына бас білдіріп, ие бола білген ерекше дарын иесі болғанын білдіреді.

Этнограф Баяхмет Жұмабай деректерінде Торғайты қайтыс болған адамдардың қабірі басында жүріп,

күбірлейтіні айтылады. Не істеп жүргенін сұраған адамдарға:

– “Бәріміздің баратын жеріміз осы ғой”, – деп мұңая сөйлесе, кейбіріне:

– “Құлху Алла аһад... мөңкімей, аруақ, тыныш жат”, – деп айтып жүрмін деп жауап берген.

Торғайты өмірінің соңғы жылдарын Көктоғай ауданына қарасты Дүре ауылында өткізген. Ел аузындағы аңызда Шірікши жақта тұратын әпкесінің үйіне барып, “Мен ертең қайтамын”, – деп, сол үйде дүниеден озғаны айтылады. Бидахмет Болтайұлы көзі тірісінде бейітін көрсетіп кеткен екен. Зираты басқа қорымдардан бөлек орналасқан.

Қазір Қытай Халық Республикасының Алтай аймағындағы Торғайты жайлауы – жұрт баратын қасиетті орын. Көзімен көргендер бұл жерді:

“Көркі көз арбаған, шөбі шүйгін, тауы биік, суы мөлдір, ауасы таза жанға жайлы мекен”, – деп сипаттайды.

«Торғайты жайлауы», «Торғайты үңгірі» аталып кеткен киелі мекендер әулиенің жай адам болмағанын аңғартады. Біз кейде “Әулие” деген ұғымды тым алыстан іздейміз. Ал шын мәнінде, халқымыздың тарихында аю мініп, арлан жетектеп жүріп-ақ, батасымен дертіне дауа дарытқан әулиелер болған. Соның бірі – Торғайты әулие.

АРДАБЕК АҚБАБАҰЛЫ.

Ауылшаруашылығы өндірушілерінің назарына!

Қазақстанда ауылшаруашылығы санағы басталды. 2025 жылғы 1 тамыздан 20 қазанға дейін республика бойынша кең ауқымды ауыл шаруашылығы санағы өткізіледі. Бұл еліміздің агроөнеркәсіп кешенінің жай-күйі туралы нақты және шынайы мәліметтер алуға бағытталған маңызды шара.

Санақ не үшін жүргізіледі? Санақтың мақсаты – ауыл шаруашылығы объектілерін жан-жақты қамту, деректердің қайталануын болдырмау және саланың негізгі тенденцияларын, проблемалары мен қажеттіліктерін анықтау. Санақ нәтижелері алдағы уақытта мемлекеттік аграрлық саясатты тиімдірек қалыптастыруға және ауылшаруашылығы тауарын өндірушілерге атаулы қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Санаққа кімдер қатысады? Санақ объектілері

- жер және егіс алқаптары;
- мал мен құс саны;
- ауылшаруашылығында қолданылатын машиналар, жабдықтар және ғимараттар;
- ауылшаруашылығы саласының инфрақұрылым элементтері.

Санақтың субъектілері:

- заңды тұлғалар және олардың құрылымдық бөлімшелері (ауыл шаруашылық кәсіпорындары);
- Жеке кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары;
- Жеке қосалқы шаруашылығын жүргізетін және/немесе ауылшаруашылығы малдарын ұстайтын үй шаруашылықтары.

Санақ қалай жүргізіледі? Санақ екі кезеңде жүргізіледі:

Сауалнаманы онлайн толтыру 2025 жылдың 1 тамызы мен 31 тамызы аралығында ауыл шаруашылығы құрылымдарымен жеке қосалқы шаруашылықтар sanaq.gov.kz сайтында санақ парақтарын өз бетінше толтыра алады. Онлайн жүйе қателерді болдырмауға көмектесетін және деректердің сенімділігін арттыратын кірістірілген басқару жүйесімен

QAZ 2025

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ

1–31 тамыз

онлайн кезең

Егер сіз ауыл шаруашылығы өнімнің өндірушісі болсаңыз, sanaq.gov.kz сайты арқылы санақтан өтіңіз.

Қатысудың маңызы:

- Аграрлық саланы қолдау үшін маңызды деректер жиналады
- Ауыл шаруашылығын дамытуға үлес қосасыз




sanaq.gov.kz
Барлық сұрақ бойынша: 1446

жабдықталған.

Жеке сұқбат 20 қыркүйектен – 20 қазан аралығында планшеттері бар интервьюерлер онлайн сауалнаманы толтырмаған үй шаруашылықтарына барады. Жеке үй шаруашылықтары мен кәсіпорындар жұмыс істейтін немесе тұрғылықты жері бойынша әңгімелесуден өтеді.

Ақпаратты жинау барлық құпиялық нормаларын сақтай отырып жүргізіледі. Санаққа қатысу – еліміздің ауылшаруашылығын дамытуға қосқан үлесіңіз.

Сұрақтар туындаған жағдайда 1446 нөмірі бойынша бірыңғай байланыс орталығына тегін қоңырау шалу арқылы жауап алуға болады.

«ARNNA MINERALS» ЖШС «Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Дайыр ауылынан шығысқа қарай 0,5км жерде бөтелкедегі артезиан ауызсуын (газдалған және газсыз) және алкогольсіз газдалған сусындарды өндіру жөніндегі кешенге арналған қазандық ғимаратын қайта жаңарту «жұмыс жобасына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөліміне қоғамдық тыңдауларды ашық талқылау түрінде өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 11 тамыздан бастап, 18 тамызға дейін қоршаған ортамен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында өтеді, <https://ndbecology.gov.kz/>, мұнда сіз жобалық құжаттамамен таныса аласыз. Барлық ескертулер мен ұсыныстар құжаттама жарияланғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде 2025 жылғы 11 тамыздан бастап қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашысы: «ARNNA MINERALS» ЖШС, БСН190540015052, ҚР, ШҚО, Зайсан ауданы, Дайыр ауылы, Дайыр ауылынан шығысқа 0,5 км, 1-ғимарат.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «АБС-НС» ЖШС, БСН: 000540004317, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Новаторлар к-сі, 3/1 үй, н / п 16. Тел. 8(7232) 41-46-26, электрондық пошта: abs-ns@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7232) 25-70-82.

ТОО «ARNNA MINERALS» объявляет о проведении общественных слушаний посредством публичных обсуждений раздела «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Реконструкция здания котельной для Комплекса по производству бутилированной артезианской питьевой воды (газированной и без газа) и безалкогольных газированных напитков в Восточно-Казахстанской области, Зайсанском районе, в 0,5 км восточнее с. Дайыр».

Публичные обсуждения состоятся с 11.08.2025 г. по 18.08.2025г.на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, <https://ndbecology.gov.kz/>, где также можно ознакомиться с проектной документацией. Все замечания и предложения принимаются с 11.08.2025 г. в течении пяти рабочих дней после опубликования документации. По истечении данного срока замечания и предложения не принимаются.

Инициатор: ТОО «ARNNAMINERALS», БИН 190540015052, РК, ВКО, Зайсанский р-н, с. Дайыр, Комплекс в 0,5 км восточнее с. Дайыр, здание 1.

Разработчик проектной документации: ТОО «АБС-НС», БИН: 000540004317, РК, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Новаторов, д. 3/1, н/п 16. Тел. 8(7232)41-46-26, электронная почта: abs-ns@mail.ru.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования ВКО», тел. 8 (7232) 25-70-82.

*Ауылшаруашылығы
- ел байлығы!
Санаққа қатыс, өлең
қос!*



Қазақстанда ауылшаруашылығы санағы 2025 жылғы 1 тамыздан – 20 қазан арайлығында өткізіледі. Санақ ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің барлық санаттарын – ірі кәсіпорындардан, жеке қосалқы шаруашылықтарға дейін қамтитын болады.

Мақсаты – ауылшаруашылығы саласының жай-күйі: егіс алқаптары, техника, мал мен құс саны, инфрақұрылым туралы нақты және толық мәліметтер алу.

Ауылшаруашылығы санағына қалай қатысуға болады?

1-31 тамыз аралығында «sanaq.gov.kz» сайтында сауалнамаларды өздігінен толтыру.

20 қыркүйектен – 20 қазан аралығында планшеттері бар интервьюерлер үй шаруашылықтарына барып, сауалнама толтырады. Санақ ауылшаруашылығын қолдаудың тиімді шараларын әзірлеуге көмектеседі.

КӨҢІЛ АЙТУ

Сыныптастарымыз Шоқтаев Татубек Шаймұратұлына әкесі, Қасенов Слямжанға атасы,

Шоқтаев Шаймұраттың

өмірден озуына байланысты барлық туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта, иманы серік, аруағы риза болсын. Артында қалған бала-шағасына, туған-туыстарына Алла-тағала зор денсаулық пен ұзақ ғұмыр жас және өмірдің бар жақсылығын нәсіп етсін.

М.В.Ломоносов атындағы және М.О.Әуезов атындағы орта мектептерінің 1984 жылғы түлектері.

Біржан ауылының тұрғыны, тыл ардагері, «Алтын алқа», мерекелік медальдарының иегері, асыл әже, абыз ана

Сейітқызы Бибінің(Дәмеш)

қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына, ұл-қыздарына, немере-шөберелеріне қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

Біржан ауылдық округінің әйелдер кеңесі және " Ай-Ана" тобы.

Маман мінбері

Желшешек жұқпасының алдын алу жолдары

Желшешек – адамнан адамға жұғатын, ауа тамшысы арқылы берілетін, бөртпемен көрінетін, ең кең таралған жұқпалы ауру .

Желшешек ауруының көзі-тек қана науқас адам. Аурудың жасырын кезеңінің ұзақтығы 10 күннен 21 күнге дейін созылады, орташа 13-17 күн.

Ауру адам айналасына инкубациялық кезеңнің соңғы күндерінен бастап, бөртпе кезеңінің барлығында қауіпті. Қауіптілік кезеңі соңғы бөртпе пайда болғаннан кейін, 3-5-ші күні аяқталады.

Желшешекпен адам барлық жаста ауыра береді, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар жиі ауырады. Оның басты себебі, аурудың жоғары жұқпалылығына байланысты, адамдардың басым көпшілігі бала жаста ауырып кетеді, ауырғандарда тұрақты иммунитет қалыптасып, қайтадан ауырмайды.

Аурудың кең таралуының бірден-бір себебі аурудың жоғары жұқпалылығы. Ауруға 75-90 пайызға дейін 15 жасқа дейінгі балалар шалдығады. Олардың 80 пайыз мектеп жасына дейінгі балалар.

Балалар мекемелеріндегі сәбилер басқаларға қарағанда жиі ауырады. Ауруға шалдығу жылдың суық кезеңінде ең жоғары деңгейде болады.

Ауру қоздырғышы-вирус адам ағзасына жоғарғы тыныс жолдары арқылы енеді, ауру адам жөтелгенде, түшкіргенде ауа арқылы адамнан адамға жұғады.

Аурудың клиникалық белгілері:

– Жедел басталады, дене қызуы 38С-қа дейін көтеріліп, адам әлсірейді, бет терісінде, бастың шашты бөлігінде, шырышты қабықтарда, денеде 2-4 мм көлемде болатын қызыл дақ пайда болып, бірнеше сағаттардан кейін сол дақтардың орны суланып, нүктелі сулы бөртпелерге айналады, 1-2 күннен кейін олардың сырты қабыршақтанады да, із қалдырмай, түсіп қалады. Бөртпелер қатты қышиды. Әрбір бөртпе шыққан сайын дене қызуы көтеріліп, баланың хал-ахуалы бұзылады. Бөртпелерді қасу мен қабыршақтарын сыдыру-жаракаттарға жұқпа түсіп, олардың іріндеуіне әкеліп соғады.

Алдын алу шаралары:

Жұқпамен негізінен мектепке дейінгі және мек-

теп жасындағы балалар ауыратындықтан, балалар мекемелерінде індетке қарсы тәртіпті сақтау мен жүргізуге баса назар аударылады. Ең бастысы – балалар ұжымына ауру көзін енгізбеу, яғни, таңертеңгілік сүзгі жұмысын сапалы жүргізу, сұрау, дене қызуын өлшеу керек.

Желшешекпен науқастанған адам ауырған сәтінен бастап 9 күнге оқшауланады, науқаспен жақын байланыста болған адамдар 21 күн медициналық бақылауға алынып, дәрігер тексеруінен өтеді. Үй-жайларда күнделікті ылғалды жуып-шаю жұмыстары жүргізіліп, желдетіледі.

Егерде отбасында біреу ауырып қалған жағдайда, міндетті түрде дәрігер шақыру керек.

**А.АХМЕТОВА,
Зайсан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.**



Құттықтаймыз!

Сарытерек ауылдық дәрігерлік емхананың мейірбикесі **Қайдарова Алмашты** зейнеткерлік жасқа толумен құттықтаймыз.

Құтты болсын зейнеткерлік жасыңыз, Бақытты боп шаттықта өмір сүріңіз. Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз, Бала-шаға кызығына кенеліп, Ортамызда аман-есен жүріңіз.

Ізгі тілекпен: Емхана ұжымы.



ЖАРНАМА



Жалға орын беріледі (кеңселік мақсатқа)

Байланыс телефоны: 8708-656-94-85

«Рахат» қонақ үйіне тұрақты жұмысқа администратор қыздар керек. 18 жастан 40 жас аралығында.

Байланыс телефоны: 8747-776-22-30

Ойлағмай ой

– Апа, оймақ не үшін керек? – деп сұрады кішкентай Айша, әжесінің тігіп отырғанын қызықтап. Әжесі күлімсірей карап: – Оймақ саусаққа ине батпау үшін, шырағым. Кішкентай ғана нәрсе, бірақ көп іс бітіріп тұр, – деді. Айша біраз ойланып қалды. Сол сәтте теледидардан бір жарнама шықты. Жылтыраған заттар, сәнді өмір, уақытыңды текке алатын ойындар... Бірақ оларды көріп алған досы Әли мектепке келмей қойыпты.

Сол күні кешке Айша әжесіне карап: – Әже, оймақтай ғана дұрыс ой – үлкен өмірді өзгертеді екен ғой, иә?

Әжесі жымия жауап берді: – Дәл таптың, балам. Адамның санасындағы оймақтай ғана ой – не жарық жолға, не қараңғыға жетелейді...



ЕСКЕ АЛУ

Қадірлі ағайын-туыс, құда, жекжат, бауырлар, жора-жолдастар, көршілер және бірге туғандарымыздың көзін көрген жамағат!

Сіздерді ағамыз **Ерболат Құнапияұлының** өмірден өткеніне 35 жыл, әпкеміз **Шәукен Құнапияқызына** 9 жыл, бауырымыз **Ғалымбек Құнапияұлына** 10 жыл толуына арналып бағышталған құран қатымға шақырамыз.



Ерболат аға, еңселі едің ел үшін,
Жылы еді жүрегің, кең еді пейілің.
Кетсең де өмірден сөнбейді шырағың,
Сағынышпен еске аламыз сені әр күн.



Шәукен әпеке, жарықсың жүрек ішіндегі,
Көңілде өшпес із бар әрбір ісіндегі.
Сағыныш болып қалдың үнсіз түндерде,
Дұғамен сені еске аламыз күнде де.



Бауырым, қанатымдай сыңар болған,
Кеудемдегі жүрекке тұмар болған.
Сен мен үшін тірісің мәңгілікке,
Көңілдерде жарқан бейнең тірі қалған.

Өтетін орны: «Дильназ» мейрамханасы.

Күні: 2025 жылғы 10 тамыз

Уақыты: 12.00

Ас берушілер: Салбанов Ермұханбет Құнапияұлының отбасы.

Зайсан қаласының тумасы, ардақты әке, асыл жар, аға, бауыр болған **Жүнісов Қанат Кәкенұлы** арамызда жүрсе 1 тамызда 58 жасқа толғанын тойлайтын едік. Қанатты сағынышпен еске аламыз.

Тіршіліктің көре алмадың көп қызығын,
Татпадың шаттық өмір тәттілігін.
Жұлдыз едің жарқырап келе жатқан,
Қайтейік ерте сәнді жас ғұмырын.

Еске алушылар: Жүнісовтар әулеті.



Амангелді атындағы орта мектебінде 1986-1992 жылдары мектеп директоры болған

Дөңгілов Ақылбектің

өмірден өтуіне байланысты балаларына, туған - туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

"Амангелді атындағы орта мектебінің ұжымы"

Абай орта мектебінің ұжымы осы мектептің математика пәні мұғалімі Жеңісбек Өмірсерікке ағасы

Жеңісбек Өмірбектің

және мектеп жұмысшысы Төңірекбаев Асхатқа анасы

Төңірекбаева Кәмпит Сейілханқызының

қайтыс болуларына байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Жамбыл атындағы негізгі орта мектебінің ұжымы мектептің қамту қызметкері Күлменова Салтанатқа енесі, қазақ тілі пәні мұғалімі Күрманова Салтанатқа қайын бикесі

Габдуллина Күлбаршын Ахметсалиқызының

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Зайсан аудандық «Достық» газеті редакциясы ЖШС



«Достық» газеті Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ақпарат комитетінде тіркеліп, тіркеу туралы 2024 жылғы 8 ақпанда №KZ58VPY00087061 куәлігі берілген. Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады. Индекс – 65557

Байланыс телефондары:

Директор-редактор – 21-378, Тілшілер – 21-903, Есеп

бөлімі – 21-856, факс – 21-378.

Электрондық почта – gazeta-

dostyk@mail.ru



Директор-редактор **ХАЛЫҚОВА Нургул ІЛІЯСҚЫЗЫ**

Нөмірдің кезекшісі **Ардақ БӨЛДЕКБАЕВА**

Мекенжайымыз: 070700, Шығыс

Қазақстан облысы, Зайсан ауданы,

Зайсан қаласы, Абылай хан көшесі

№30 үй.

Көркемдеуші және беттеуші **Ардабек АҚБАБАҰЛЫ**

белгісі қойылған материалдар ақылы негізде жарияланады.

Тапсырыс №31

Таралымы – 3100

Жарияланған мақала авторларының пікірлері және жарнама мәтіні үшін редакция жауапты емес.

Газеттің бұл нөмірі «Достық» компьютер орталығында беттеліп, Өскемен қаласындағы «Рекламный Дайджест» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Көлемі А2-2.